«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 31 «А» шағын аудан, № 5
ғимарат.
тел./факс:8 (7292) 33-02-24.

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, г.Актау, 31 «А» микрорайон, здание № 5.
тел./факс: 8 (7292) 33-02-24.

02-07/1065
22.04.2020

«Р.У.Сатыбалдиева» ЖК
Мұнайлы ауд, Басқұдық с, Тұрғын үй массиві
Жаңа Қоныс №58,
meruyert.balgabayeva@mail.ru.
87782216500;

Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі – Департамент),* Сіздің 01.04.2020 жылғы № 69724 санды шағымыңызда көрсетілген мәселелер бойынша келесіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының *(бұдан әрі - Заң)* 30-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашасындағы №598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 11-тармағына сәйкес, ұйымдастырушы «Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық онкологиялық диспансері» МКК-ны тарапынан өткізілген мемлекеттік сатып алудың ашық конкурстық тісілімен № 4015498-2 санды «Жеңіл автомобильді жалдау қызметтер» бойынша, Департамент тарапынан аталған сатып алуға қатысты келтірілген шағымыңыз бойынша мемлекеттік сатып алу заңнамасының сақталу мәселесіне камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесімен бұзушылық деректерінің орын алмғандығы назарыңызға беріледі.

Атап айтқанда: ұйымдастырушы «Облыстық онкологиялық диспансері» МКК-ны конкурстық құжаттаманың 1-4 қосымшасында, әлеутті өнім берушілерге қызметтер көрсету кезінде қойылатын біліктілік талабында ешақнадай талаптар қойылмаған.

Осы аталған 1-4-қосымшаның 2 ескертуінде әлеуетті өнім берушілерге басқа құжаттарда біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді делінген.

Алайда, конкурсты ұйымдастырушы тарапынан әлеуетті өнім берушілерге конкурстық құжаттаманың 1-4-қосымшасында машинаның көлемі туралы біліктілік талаптар қойылмаған.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 04.12.2015 жылғы №434 санды «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 2-бабының 3-тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің үлестес тұлғасы – осы әлеуетті өнім берушінің шешімдерін айқындауға және (немесе) ол қабылдайтын шешімдерге, оның ішінде жазбаша нысанда жасалған мәміленің күшіне орай ықпал етуге құқығы бар кез келген жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ өзіне қатысты осы әлеуетті өнім берушінің осындай құқығы болатын кез келген жеке немесе заңды тұлға екені көрсетілген.

Сондай-ақ, осы Заңның 6-бабының 1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес, осы әлеуетті өнім берушінің бірінші басшыларының және (немесе) осы әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жегжаттары өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болса не

өткізілетін мемлекеттік сатып алуда тапсырыс берушінің немесе мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының өкілі болып табылса делінген.

Конкурстық комиссия мүшесінде Е.Х.Муратов дауыс беру құқығына ие еместігі және «Облыстық онкологиялық диспансері» МКК-ның директоры Н.Джариевтің 03.04.20120 жылғы №237 санды хатымен Е.Х.Муратов 31.12.2019 жылдан бастап аталған Кәсіпорында жұмыс жасамайтындығы жөнінде анықтама берілген.

Нәтижесінде, жоғарыда аталған заңдардың негізінде, «Е.Х.Муратов» ЖК-не аталған сатып алуға қатысуға шектеу болып табылмайтындығын хабарлайды.

Егер келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының 04.12.2015 жылғы №434 санды «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47 бабының 6-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 14 бабына сәйкес жоғары тұрған органға шағым жасауға құқылы екендігіңіз каперіңізге беріледі.

Департамент басшысы **С. Қасымов**

орын. Е. Башақулов
тел.: 33-02-39.